



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№46 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Инфляциялық таргеттеу режиміне өтуге байланысты жеке тұлғалардың ұлттық валютада (теңгеде) ашылған депозиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу тәртібін бекіту туралы

2015 жылғы 9 қыркүйек

Алматы қ.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша ҚР Ұлттық Банкі Еркін өзгермелі айырбастау бағамы режиміне өтуге байланысты жеке тұлғалардың ұлттық валютада (теңгеде) ашылған депозиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу тетігін әзірлеп, тәртібін бекітті.

Тәртіпке сәйкес, салымшыда 2015 жылғы 18 тамыз операциялық күннің соңында екінші деңгейдегі банктерде және /немесе «Қазпочта» АҚ-та теңгемен ашылған депозит болған кезде оған бағамдық айырма төленетін болады. Бұл ретте 2015 жылғы 18 тамыздағы жағдай бойынша банк шотындағы салым бойынша қалдық 1 миллион теңгеден аспауға тиіс.

Бағамдық айырманы төлеу жеке тұлғалардың мерзімді депозиттері бойынша жүзеге асырылады.

Бағамдық айырманы алу үшін салымшы депозитті арнайы шотта кемінде бір жыл сақтау жөнінде өзіне міндеттеме алады.

Салымшылар 2015 жылғы 1 қазанға дейін банкке депозитті қайта ресімдеу үшін өтініш жасауы қажет.

Өтемақы тетігінің шеңберінде 2 млн. жуық салымшыға бағамдық айырманы төлеу жоспарланып отыр.

Ақы төлеу шарттарымен Ұлттық Банктің сайтында «Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау» бөлімінде танысуға болады.

Түсініктемелер мен консультацияларды ҚР Ұлттық Банкінің Қоғамдық қабылдау бөлмесінен Алматы қ, Әйтеке би, 67 мекенжайы бойынша, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарынан, ҚР Ұлттық Банкінің сайтында «Кері байланыс» нысаны арқылы (<http://www.nationalbank.kz/?getpg=Feedback%20for%20page&switch=russian>), сондай-ақ мынадай телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2 788 085, 2 788 008.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 639,

+7 (727) 2704 585,

+7 (727) 3302 497,

e-mail: press@nationalbank.kz,

www.nationalbank.kz